

ҚАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫ

ПӘН: ФИЛОСОФИЯ

№4 ТАҚЫРЫП

**ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ:
ОРТА ҒАСЫР ХРИСТИАН ФИЛОСОФИЯСЫ**

орындаған: ЖГДФ ассоц. профессоры Ақбаева Л.Н.

Алматы 2015

ПЛАН ЛЕКЦИИ

- 1. ОРТА ҒАСЫР ХРИСТИАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН БЕЛГІЛЕРІ.**
 - 2. ПАТРИСТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ: АПОЛОГЕТИКА.**
 - 3. АВГУСТИН АВРЕЛИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ.**
 - 4. НОМИНАЛИСТЕР МЕН РЕАЛИСТЕР КҮРЕСІ.**
 - 5. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СХОЛАСТИКА. ФОМА АКВИНСКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ.**
- СӨЖ БЕН СОӨЖ-ГЕ ТАПСЫРМА (ТҮПНҰСҚАЛАР).
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ.**



1. ОРТА ҒАСЫР ХРИСТИАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН БЕЛГІЛЕРІ

- **Орта ғасыр философиясы** V-XV ғғ. арасындағы кезеңді қамтыды. Діни көңіл-күйдің өсуі, діни билік институттарының қалыптасуы – орта ғасырдың өзіндік ерекшелігі. Бұл уақытта пұтқа табынушы көп құдайлықтың (политеизм) орнына нақты бір құдайға (монотеизм) табынған дін – христиандық өмірге келді.
- Христиан діні ортағасырлық Еуропада құдайдың өз мәнінде әлем орталығы болатынына назар аударған дүниетанымдық көзқарасты қалыптастырды. Ол екі түрлі негізге: а) христиан философиясының **болмыс (онтология)** туралы ілімінің негізінде жатқан **жарату идеясына**; б) осы философияның негізін қалыптастыратын таным туралы ілім – **ашылу идеясына** сүйенді.

Бұл уақыттағы философияның барлық сұрақтары **теоцентристік, креационистік және провиденциалистік** бағытта шешімдерін тапты.

Теоцентристік (грекше *theos* – құдай деген сөз) – барлық ғаламның бастауы мен себебі Құдайға таңылатын әлем түсінігі. Ол – ғаламның орталығы, оның белсенді, жасампаз негізі. Теоцентризм таным үдерісіне де әсерін тигізді, осыған байланысты ғылымның ең жоғарғы сатысына теология –

Құдай туралы «ғылым» көтерілді; одан төмен **теологияға қызметші болатын философия**; одан да төменіректе әр түрлі жеке қолданбалы ғылымдар орналасты.

1. ОРТА ҒАСЫР ХРИСТИАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН БЕЛГІЛЕРІ

- **КРЕАЦИОНИСТІК** (латынша *creatio* – жарату деген сөз) – Құдай жоқтан өткінші, ауыспалы, шіріген өлі және тірі табиғатты жаратты дегенге сәйкес келетін діни ұстаным.
- **ПРОВИДЕНЦИАЛИЗМ** (латынша *providentia* – құдірет, құдіретті күш деген сөз) – барлық оқиға, құбылыстарды соның ішінде тарих пен жеке адамның мінез-құлқын құдіретті күш басқарады дегенге сәйкес келетін ой-пікірлер жиынтығы (құдірет, құдіретті күш – діни түсінік бойынша Құдай, ең жоғарғы Дараның іс-әрекеті).

Орта ғасыр философиясының екі кезеңі болды:
біріншісі – **ПАТРИСТИКА**, екіншісі – **СХОЛАСТИКА**.

Бірінші кезең: **ПАТРИСТИКА** (2-6 вв. н.э.) үш кезеңге бөлінеді:
а) апостолдар кезеңі (2 ғ.);
б) апологеттер кезеңі (2 – 4 ғғ.);
в) кемелденген патристика (4-6 ғғ.).

Екінші кезең: **СХОЛАСТИКА** (7-14 ғғ.)
Басты мәселесі: **УНИВЕРСАЛИЛЕР МӘСЕЛЕСІ** немесе
НОМИНАЛИСТЕР МЕН РЕАЛИСТЕР КҮРЕСІ.



2. ПАТРИСТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ: АПОЛОГЕТИКА

Патристика (латынша *pater* – әке деген сөз) шіркеу әкелерінің, дін иелерінің философиялық көзқарастары жиынтығынан тұрды. Олар христиан дінін ертедегі грек, әсіресе **Платон философиясына** сүйене отырып дәлелдеуге тырысты.

Патристикадан, әдетте, үш түрлі даму сатысы бөлектенеді: 1) **апологетика** (II-III ғғ.), грекше *apologetikos* – қорғау деген сөз), христиандық дүниетанымдық көзқарастың қалыптасуы мен қорғалуында маңызды роль атқарды; 2) **классикалық патристика** (IV-V ғ.ғ.), христиан дін ілімдерінің жүйеленуі; 3) христиан діні догмасын қалыптастырған **қорытынды кезең** (VI-VIII ғғ.).


Апологетиканың көрнекті өкілдері **Тертуллиан, Климент Александрийский** мен **Ориген** болды. Олар өз алдына «христиан дінін оның жауларынан қорғауды ғана емес, сонымен қатар пұтқа табынушыларды жаңа діннің артықшылығымен таныстырып, осы дінге кірулеріне жағдайлар жасауды» міндет етіп қойды.


Осы майданда кең танымал болған христиан діні иесі **Тертуллиан** (160-230 жж.) құдайлық ақиқаттар ақыл-ойға барынша қайшы келген сайын, неғұрлым қол жеткізгісіз және фантастикалық болса, соғұрлым ақиқат болады деп есептеді. Осымен қатар ол: «*Білім христиан дінімен сыйыспайды, ал философиялық ақыл-ой – әр түрлі дін бұзарлықтың бастамасы. Тек сенім құдайлық ақиқаттың ашылуына, шындыққа жеткізеді*», – дейді.

2. ПАТРИСТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ: АПОЛОГЕТИКА

Ориген (185-254 жж.) ертедегі философтардың еңбектерін оқып үйренуге шақырып, одан христиандықты қорғайтын, негізін нығайтуға қажетті идеяларды іздестіреді. Құдайдың материалдық еместігін көрсеткен дәлелдерді келтіріп, *«құдай шексіздік қасиетіне ие болады, денесіздіктің ешқандай шекарасы болуы мүмкін емес»* деп пайымдайды.

Платонның мәңгі өлмейтін, материядан бұрын өмір сүрген жандар туралы ілімін қабылдаған Ориген жанның басқа денеге қайта көшіп-қонатыны туралы идеяны теріске шығарды. Оригеннің ойынша, ең нашар рухтар да Құдайға қайтып келу арқылы, жаңадан қастандық пен қайырымдылықты қайта жасау таңдауына ие болады, осылайша олар құтқарылуға шексіз мүмкіндік алады. Әлемнің мәңгі-бақилығы туралы идеясы үшін шіркеудің айыптауына ұшыраған Ориген кейінгі классикалық патристика өкілдеріне елеулі ықпалын тигізді.





TEMPLA DOMVM EXPOSITIS VICOS FORA MOENIA PONTES:
VIRGINEAM TRIVH QVOD REPARARIS AQVAM -
PESCA LICET NAVIS STATVAS DARE COMMODA PORTVS:
ET VATICANVM CINGERE SIXTE IVGVN:
PLVS TAMEN VRSS DEBET: NAM QVAE SQUALORE LATEBAT:
CERNITVR IN CELEBRI BIBLIOTHECA LOGO.

3. АВГУСТИН АВРЕЛИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Батыс Еуропада ортағасырлық философияның қалыптасуына үлкен ықпалын тигізген, классикалық патристиканың беделді өкілі **Августин Аврелий (Блаженный)** (354-430 жж.) – көптеген діни және философиялық еңбектердің авторы. Соның ішінде **«Тәубе», «Құдай қаласы туралы»** еңбектері айрықша бөлектенеді.

- **«Тәубе»** еңбегінде ол өзінің дүниетанымдық ізденістеріне жауап берген христиан дініне келудегі азапты жолын сипаттап жазады. Оның 13 жыл бойына жазылған **«Құдай қаласы туралы»** еңбегі 413 жылы Рим қаласының қиратылу әсерімен өмірге келген. Оның ойынша, адам өмірінің ең жоғарғы мақсаты – **Құдайға сүйіспеншілік** және Ең жоғарғы иеге толық тәуелділігін жете түсінуі. **Құдай – адамдардың ой-пікірлері мен іс-әрекеттерінің бастапқы және соңғы түйіні.**
- Августин адамзат тарихының қалыптасуы мен дамуын егжей-тегжейлі зерттегеннен кейін, бұл тарих екі патшалықта – **«Жер қаласында»** және **«Құдай қаласында»** өріс алады деп қорытынды жасайды. **Жер қаласы – бұл жауыздық пен шайтандар әлемі,** мұнда «оның әкім, басқарушылары мен оған бағынатын халықтарда» күншілдік үстемдік жүргізеді. **Құдай қаласы – бұл мейірімділік, сүйіспеншілік пен құдайлық әлем,** мұнда «алдыңғы қатарда тұрушылар басшылығына бағыныштылар бағынып, бір-біріне өзара қызмет етеді».
- *«Әлем неге ерте жаратылған жоқ? Созан қарағанда, ешқашан «ерте» болған жоқ. Уақыт әлем жаратылған кезде жаратылды. Құдай мәңгі, өйткені ол уақыттан тыс өмір сүреді; Құдайда ешқандай «ерте» де, «кеш» те жоқ, бары тек қана осы күн, құдайдың мәңгілігі уақыт қатынастарынан алынған; онда бірден барлық уақыт көрініп тұрады», - деді Августин. (Рассел Б. История западной философии. –М., 1993)*

3. АВГУСТИН АВРЕЛИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Уақыт шынайылық есебінде әлемнің жаратылу үдерісінде көрініс тапты және ол Құдай жаратқан өткінші заттардың өлшемі болатын шамасынан өзге еш нәрсе емес. Уақыт әлем жаратылғанға дейін өмір сүрген жоқ, ол тек осы күнді ғана білдіреді. Осыдан өткеннің бәрі – адам есінің қасиеті болады, ал болашақ – тек қана үміт. **Құдай тек уақыттан тыс болып қоймады, сонымен қатар ол адамдар мен материалдық әлемдерге тән өзгерістерден де тыс.**
- *«Енді әбден түсінікті, – дейді Августин, – ешқандай болашақ та, ешқандай өткен уақыт та жоқ және үш уақыттың: өткен күн, осы күн, болашақтың өмір сүретіні туралы айту да дұрыс емес. Мүмкін уақытты өткеннің осы күні, осының осы күні және болашақтың осы күні деп бөлген дұрысырақ болатын шығар. Біздің жанымызда өмір сүретін осы белгісіз үш уақытты мен басқа еш жерде көрмеймін: өткеннің осы күні – бұл ес; осының осы күні – оның тікелей пайымдалуы, болашақтың осы күні – оның күтімі»* (Аврелий А. «Тәубе »).
- Таным теориясында Августин гносеологиясының негізін **құдай жаратқан әлем адам ақылы жетпейтін ғажайыптарға толы** дегенге саятын **иррационализм** (ақыл жетпейтін) құрайды. Августин **сенімді ақыл-парасаттан өлшеусіз жоғары** қояды, ал **Құдайлық Ашылуды** адам білімінің негізгі бастауы деп есептейді.

Августиннің таным теориясы **«Түсіну үшін сен»** деп қысқа тұжырымдалады.

АВГУСТИН АВРЕЛИЙ



4. НОМИНАЛИСТЕР МЕН РЕАЛИСТЕР КҮРЕСІ

Орта ғасырдың өзіндік ерекшелігі **номиналистер** мен **реалистер** арасында болған, **«жалпы және нақты түсініктер өмір сүре ме?»** деген сұрақтың түсіндірмесі төңірегінде жүздеген жылдарға созылған өткір күреспен байланысты.

Реалистер: «**Ақиқат** шындық болатын жеке заттар емес, санадан тысқары өмір сүретін, одан және материалдық әлемнен тәуелсіз **жалпы түсініктер**», – дейді.

Бұл философиялық бағыттың аты «реализм» сөзінің қазіргі заманғы түсінігіне сәйкес келмейді. **Ансельм Кентерберийский** (1033-1109 жж.) осы бағыттың беделді мүшесі болды. Платон көзқарастарын дамытып, «әлемді ұйымдастырушы мәңгі идеялар, яғни **нақты заттар әлемінен бөлектенген жалпы ұғымдар айрықша идеалдық әлемді құрайды**» дегенді ұстанады. **Пантеистік** (*грекше pan – бәрі, theos – құдай, демек бәрінде де құдай бар*) көзқарастары үшін реалистерді шіркеу қолдамады.

- Құдай дара тұлға есебінде өзі жасаған табиғат, материалдық және материалдық емес заттардан жоғары тұрады. Мұндай жағдайда жалпы түсініктер құдаймен бір сатыда тұрады, теңестіріледі деген пікірді желеу қылған шіркеу реалистерге қарсы шығады.
- Орта ғасырдың танымал философы **Фома Аквинский** шіркеу қолдаған реалистік бағыт өкілі болды. Ол Аристотельдің жеке мен жалпының арасындағы тығыз байланысты, **жалпыны жекенің түрі** деп түсінген идеяларын басшылыққа алды. Реалистер жалпы түсініктердің шынайы өмір сүретінін мойындай отырып, ол нақты (жеке) заттарда көрінісін табады деп пайымдайды.

4. НОМИНАЛИСТЕР МЕН РЕАЛИСТЕР КҮРЕСІ

- **Ф.Аквинский ілімі** бойынша, **универсалилер** «заттарға дейін», «заттарда» және «заттардан кейін» өмір сүреді. «Заттарға дейін» идеялар ретінде құдайдың парасатында, «заттарда» жекенің ажырамас түрлері есебінде өмір сүреді, ал «заттардан кейін» – адам парасатындағы түсініктер немесе абстрактылы ойдың желісі.

Орта ғасырларда реалистерге қайшылықта болған философиялық, **номиналистік** бағыт (*латынша nomina – атаулар деген сөз*) жақтаушылары үшін объективті, **шын өмір сүретін** – **«жеке заттар»**, ал **жалпы түсініктер (универсалилер)** – тек қана тілде **өмір сүретін заттардың белгілері, аттары, ресми атаулары.**

- Номинализмнің белді мүшелерінің бірі **Росцелин** (1050-1120 жж.) оны «*дауыс дыбыстары... кеңістіктегі жаңғырықтан артық еш нәрсе емес*» дегенге меңзейді.
- Осы көзқарас тұрғысынан схоластикалық реализм дәлелдеген христиандық парыздар бос ойдан шығарылған қиял, таза алыпсатарлық болып көрінеді. Мысалы, Росцелиннің ойынша, ақиқат пен есептелетін **құдайдың үш бірлігі** туралы діни қағиданы реалистер «*Құдай – бір уақытта, құдайлық үш жақты: әке құдай, бала құдай, қасиетті рухты өзіне біріктіретін, дара діни субстанция*» деп, дұрыс түсіндірмеген. Шын мәнінде, әр түрлі үш құдай өмір сүреді деп ол діни негізгі бастамаға, христиан «шіркеуі әкелерінің» беделіне қарсы шығады. Кешікпей шіркеу оған қарсы жауап береді. 1092 ж. Суассон жиынында күпірлігі үшін Росцелин ілімі айыпталып, «үш құдай» идеясынан бас тартуға мәжбүр етіледі.
- Номинализм дамуының жаңа, жоғарғы сатысы **XIV ғасырда Оккамның** философиялық көзқарастарымен байланысты дүниеге келді.



5. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СХОЛАСТИКА. ФОМА АКВИНСКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Схоластика (латынша *scholastika* – мектеп деген сөз) – адамның парасаты, ақылы, ойлау тәсілдері мен сенім ретінде қабылдаған идеяларын тұжырымдап, айтылған жеке қорытындыларды дәлелдеуге талпынатын философиялық ойдың бір түрі. Орта ғасырда схоластика өз дамуында **үш түрлі сатыдан** өтті.

Оның ерте түрі XI-XII ғасырларда жаңа платоншылар мен Августин ой-пікірлерінің айтарлықтай әсерімен қалыптасты және келесі философтар: **Эриуген, Абеляр, Росцелин, Ансельм Кентерберинский** есімдері кең танылады.

- XII-XIII ғасырларда схоластика «классикалық» деп аталатын өзінің кемелденген шағына жетті. Тарихи дәуірде Платон идеяларының орнын «христиандық аристотельшілдік» басады. Ол Оксфорд, Кембридж, Падун, Тулузи т.б. қалалар университеттерінде оқытылады, жетілдіріледі, шыңдалады. Оқу орындары арасында **1200 жылы** негізі қаланған **Париж университеті** маңызды орынға ие болып, оның дін факультеті католик шіркеуінің басты теориялық орталығына айналады. Осы кезде ірі дін иесі, философ **Фома Аквинский** шығармалары кең танылады.
- XIII-XIV ғасырлардағы **соңғы схоластиканың** көрнекті өкілдері **Д.Скот** пен **У.Оккам** сенім мен парасатты құқық негізінде теңестірді. Осы арқылы олар сенім парасаттан жоғары қойылған кемелденген схоластика іліміне қарсы шығады.

5. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СХОЛАСТИКА. ФОМА АКВИНСКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Ортағасырлық схоластиканы жүйелеуші, **реалистік бағыттың** басты өкілі **Фома Аквинский** (1225-1274 жж.) католик дінінің діни-философиялық жүйесін, яғни **томизмнің** (латынша *Thomus* – Фома деген сөз) негізін қалаушы есебінде кірді.

Сол уақыттан бастап, бұл теорияны католик шіркеуі сөзсіз мойындайды. XIX ғасырдың аяғында ол қазіргі заманғы **Ватиканның** ресми идеологиясы ретінде мойындалып, **неотомизм** атауымен өмірге енеді. Осыдан кейінгі уақытта философия сабағы жүргізілетін барлық католиктік оқу орындарында осы ілім, жалғыз ақиқат философия есебінде оқытылатын болды.

- Фома 1323 ж. қасиеттілердің қатарына қосылып, 1567 ж. бесінші **«шіркеу оқытушысы»** болып танылады. Негізгі еңбектері: **«Теология жинағы»**, **«Табиғаттың бастамалары»**, **«Мәнмен өмір сүру туралы»**.
- Ойшыл **«Пұтқа табынушыларға қарсы жинақ»** және **«Дін ғылымы жинақтарында»** еңбектерінде білім мен сенімнің, философия мен теологияның арасындағы қатынас, **«екі ақиқат»** тұжырымдамасымен сәйкес келмейтін монотеистік діннің басты мәселесін өз бетінше шешеді.
- *«Құдайды ғана емес, ғаламның терең мазмұнын ашу үшін адам ақылы (құдай ақылымен салыстырғанда) өте әлсіз және шектеулі. Сондықтан ол сенімсіз іс тындыра алмайды. Дәлелдеу мүмкін емес христиан парыздарына ақыл жетпейді, бұл ақылға қарсы дегенді білдірмейді, ақылдан тыс, олар тек құдай ақылында толық ашылады, сондықтан адам ақылының күшімен дәлелденуі мүмкін емес»*, – дейді Фома.

5. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СХОЛАСТИКА. ФОМА АКВИНСКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

Аристотельге сүйене отырып, Фома **Құдайды айғақтаудың бес жанама тәсілін** келтіреді:


1. **«Қозғалатындардың бәрі өз қозғалысының себебі болатын бөгде бір нәрсеге ие болады».** Өйткені, «бір нәрсе» өзгенің килігіп, кірісуінсіз, бір уақытта өзінен-өзі қозғаушы да, қозғалушы да бола алмайды. Олай болса, осы қозғаушы бастау болатын – Құдай.
- 2. **Біздің көретіндеріміздің бәрі – басқамен қарым-қатынаста болатын «бір нәрсенің» салдары.** Бұл «бір нәрсенің» себебі бар, туынды, яғни бәрінің өзіндік себебі болады. Бірақ, бұл себептің де өзіндік себептері бар. Осылай шексіз, нақты айтқанда бұлардың бастапқы негізі – алғашқы себеп, яғни тағы да Құдайға келеміз.
- 3. **Біз өзімізді қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді қажеттілік деп, немесе кездейсоқтық деп қабылдаймыз.** Бірақ, кездейсоқтық – бұл тек біздің ұғымымызға түсініксіз қажеттілік. Құдай үшін кездейсоқтық деген болмайды, сондықтан болып жатқандарды түсіну үшін Құдайды мойындау керек.
- 4. **Әр түрлі заттар түрлі дәрежедегі шыңдалу мен көріктілікке ие.** Онда бұл сапалықтар үшін үлгілі өлшеуіштер, абсолюттік өлшемнің болуы керек. Бұл үлгілі өлшеуіш – Құдай.
- 5. **Бәрі қозғалыста, дамуда... Қай бағытта? Тек Құдай табиғатта болып жатқандардың барлығы үшін мақсат, бағыттылық бере алады.**

5. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СХОЛАСТИКА. ФОМА АКВИНСКИЙ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Ф.Аквинский философиясының маңызды бөлігін оның **болмыс** туралы ғылымы құрайды. Аристотель тәрізді, Фома да **жеке заттарда түр материямен бірлікте және оған қатынасында жетекші бастама** деп есептеді. Түрдің заттармен байланысынан **Фома** оның **төрт түрлі болмыс деңгейін** ерекшелейді: **біріншісі** – органикалық емес, сірескен табиғат, мұнда түр заттар мәнінің тұрақты, өзгеріссіздігін көрсетеді; **екінші деңгей** – өсімдіктер әлемі. Мұнда түр мақсатқа бағыттылық беретін, денені іштен қалыптастыратын соңғы себеп есебінде көрінеді. **Үшінші деңгейде** түр – мақсатты анықтайтын әрекетшіл себеп, әлемнің әрекетшіл бастауы жануарлар пайда болған негіз. Соңғы, **төртінші деңгейде** түр рух немесе адамның парасатты жаны есебінде көрінеді.
- Ф.Аквинскийдің **этикалық** құрылымдары да үлкен көңіл бөлуді керек етеді. Ол **Құдайды пайымдайтын адамды мәңгі, өлімнен кейінгі өмірге дайындалуға бағыттайды**. Ерік бостандығына ие болған адам жақсылық пен жамандық, моральды және бейморальды қылықтардың қайсысын болса да өзі таңдайды. Жақсылықтың жолын оған жаратқан ие көрсетсе, ал күнәлі болатын жамандық жолының жауапкершілігін өзіне алады.
- Аквинскийдің этикасы оның құқық түсінігімен тығыз байланысты. **Құқықтың бірінші түрі мәңгілік құқық** – құдайдың ғаламға жасайтын басшылығының негізін құрайтын ережелер жиынтығы. Адамға берілген жаратылыстық құқықтан да көрінісін табатын мәңгілік құқықты барлық жан иесі қолдауға міндетті. Мысалы, адамдар осы ережелерге сәйкес, Құдайды құрметтеуі керек. **Құқықтың соңғы түрі** – әрқашан заңдары өзгеріп отыратын, оның **нақты көрінісі болатын адам құқығы**. Бұл құқықтың әлеуметтік орталарда нақты пайдаланылатын екі түрі бар: **бүкілхалықтық және азаматтық**.

ФОМА АКВИНСКИЙ





СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

- Орта ғасыр христиан философия туралы түпнұсқаларға жазбаша және ауызша анализ жасаңыз.
- 1. «Бізге Иса Пайғамбардан кейін ешқандай сүйіспеншіліктің қажеті керегі жоқ, ал Евангелиеден кейін оны ешқандай зерттеудің қажеті жоқ». (*Тертуллиан*).
-
- «Құдай мен жан туралы білгім келеді. Одан басқа ештеңе қажет емес. Толық ештеңе де» (*Августин Блаженный*).
-
- «Дене туралы ойлаймын жан туралы ойлау үшін ал ол туралы ойлаймын. Дара субстанция ойлау үшін ол туралы ойлаймын, Құдайды ойлау үшін» (*Фома Аквинский*).
-
- «Бәрі у және бәрі дәрі, уға немесе дәріге айналдыратын мөлшер ғана» (*Парацельс*).

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

•Негізгі:

- 1. Сәрсенова, Ж. Н. Әлеуметтану: ЖОО студ. арналған оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт, 2013. - 201 б.**
- 2. Абдирайымова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.-224 б.**
- 3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер.-Алматы: Эверо, 2011.-284 б.**
- 4. Абдикерова Г.О. Әлеуметтану.-Алматы: Қазақ университеті, 2011.-192 б.**
- 5. Биекенов Б.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен баламалар.- Алматы: Эверо, 2011.-400 б.**
- 6. Әженов М.С., Садырова М.С., Омарова А. Білім социологиясы. Оқулық. - Алматы: Эверо, 2011.-124 б.**
- 7. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.Алматы: Нұр-Принт, 2010.-238 б.**
- 8. Абсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.**
- 9. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2010.-240 б.**

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

• Қосымша әдебиеттер:

- 1. Акбаева Л.Н. Социология: Учебное пособие.- Алматы: КазГАСА, 2015.-242 с.
- 2. Габдуллина К.Г. и другие. Социология. Учебник для студентов высших технических учебных заведений. – Алматы: Санат, 2007.
- 3. Әлеуметтану. 2-кітап/ Жалпы ред. М.М.Тажин.-Алматы, 2005.-268 б.
- 4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2004.-640 б.
- 5. Дакенов Н. Абсаттаров Р.Б. Социология. – Алматы: Ғылым, 2004.

• Электрондық басылымдар:

- 1. Ақбаева Л.Н. Әлеуметтану: Электрондық оқулық. – Алматы: ҚазБСҚА, 2012-144 б.
- 2. Акбаева Л.Н. Социология: Электронный учебник, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
- 3. Интернет ресурстары: www.sociology.ru

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

• Қосымша әдебиеттер:

- 1. Акбаева Л.Н. Социология: Учебное пособие.- Алматы: КазГАСА, 2015.-242 с.
- 2. Габдуллина К.Г. и другие. Социология. Учебник для студентов высших технических учебных заведений. – Алматы: Санат, 2007.
- 3. Әлеуметтану. 2-кітап/ Жалпы ред. М.М.Тажин.-Алматы, 2005.-268 б.
- 4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2004.-640 б.
- 5. Дакенов Н. Абсаттаров Р.Б. Социология. – Алматы: Ғылым, 2004.

• Электрондық басылымдар:

- 1. Ақбаева Л.Н. Әлеуметтану: Электрондық оқулық. – Алматы: ҚазБСҚА, 2012-144 б.
- 2. Акбаева Л.Н. Социология: Электронный учебник, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
- 3. Интернет ресурстары: www.sociology.ru